

7. Карбина О.П. *Класс-педагогика и основные принципы дошкольного образования (ФГОС ДО)* // *Общество: социология, психология, педагогика*. 2022. № 11. С. 137–141.

8. *Klax-Pädagogik [Электронды ресурс] // Marjorie-Wiki. URL: <https://marjorie-wiki.de/wiki/KLAX-P%C3%A4dagogik> (дата обращения: 16.11.2023).*

References:

1. Taubaeva Sh.T. *Zhogary mektep oqytushysynyn innovational medicine: strategylar, paradigmalar, kuzyretter* // “*Bilim take masmunyn zhanartu zhagdayynda pedagogikalyk cadres kassibi dayarlau: kuzyrettilik, technology zhane innovation I*” atty respublikalyk gylymi-adistemelik konferentsion materialdar zhinaga. – Atyrau: H. Dosmuhamedov atyndagy Atyrau memlekettic university, 2019. – B. 3-16.

2. Menlibekova G.ZH. *K voprosu o formirovni social'noj kompetentnosti budushchih uchitelej* // *Vestnik AGU im. Abaya – 2001. – №5. – С.19-33.*

3. Buzaubakova K.Zh. *Many innovations are in place: ped. Gyl. doc. ...dis. – Almaty, 2009. – 395 b.*

4. Lazarev V.S. *Upravlenie innovatsiyami v shkole. – M.: Centr pedagogicheskogo obrazovaniya, 2008.*

5. Trapicyn S.YU. *Formirovanie gotovnosti budushchih pedagogov k innovatsionnoj deyatelnosti* // *Vestnik KazNU. Seriya «Pedagogicheskie nauki». №2 (42). 2014.*

6. *Drei Thesen zum Einsatz digitaler Medien in der «Kita der Zukunft» [Elektronny resurs] // Antje Bostelmann. URL: <https://www.antje-bostelmann.de/> (data obrashcheniya: 18.11.2023).*

7. Карбина О.П. *Класс-педагогика I osnovnye principy doskol'nogo obrazovaniya (FGOS DO)* // *Obshchestvo: sociologiya, psihologiya, pedagogika*. 2022. № 11. S. 137–141.

8. *Klax-Pädagogik [Elektronny resurs] // Marjorie-Wiki. URL: <https://marjorie-wiki.de/wiki/KLAX-P%C3%A4dagogik> (data obrashcheniya: 16.11.2023).*

FTAHP 14.35.01.

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.80.4.019>

Б.Б. Атабекова,^{1*} А.С. Косшыгулова¹

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Алматы қ., Қазақстан

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІ ДАЯРЛАУДА ӘЛЕУМЕТТІК СЕРІКТЕСТЕРДІҢ ӘЛЕУЕТІН ПАЙДАЛАНУ

Аңдатпа

Білім беру қоғамның экономикалық дамуының негізі, әлеуметтік тұрақтылықтың факторларының бірі, халықтың рухани-адамгершілік әлеуетінің және интеллектуалдық өсуінің қайнар көзі ретінде барлық уақыттарда таптырмас құндылық болып есептеліп келеді. Ал қазіргідей адам капиталын қалыптастыру мен дамыту мәселесін шешу негізгі міндет ретінде қарастырылатын заманда халықтың білімдік қажеттіліктері өсіп, жоғары, орта арнаулы, кәсіби қосымша білім алуға үміткерлер саны арта түсуде. Бұған жауап ретінде білім беру ұйымдарының салалануы артып, әртүрлі типтегі оқу орындарының саны артуда, білім берудің инфрақұрылымы, басқару формалары, әдістемелік, ғылыми қызмет түрлері дамуда. Оларды білім алушылардың жеке сұраныстары мен мүмкіндіктеріне бағыттау күшейтілуде. Осыған орай білімнің сапасына қойылатын талаптар артып, бұл саланың әлеуметпен өзара әрекеттестігіне негізделген құрылымдық – қызметтік дамуының көкейтестілігі артуда.

Мақалада «серіктестік», «әлеуметтік серіктестік», «білімдегі әлеуметтік серіктестік» ұғымдарының мәні ашылып, олардың қалыптасу және даму үрдісіне шолу жасалады, жоғары оқу орындарында педагогтарды даярлауда әлеуметтік серіктестердің әлеуетін пайдалануда басшылыққа алынатын ұстанымдар мен тиімді жолдары сипатталады.

Түйін сөздер: серіктестік, әлеуметтік серіктестік, білімдегі әлеуметтік серіктестік, бірлескен әрекет ұстанымдары, әлеуметтік серіктестік әлеуеті.

Атабекова Б.Б., ^{1*} Косшыгулова А.С.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая
г. Алматы, Казахстан

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПОТЕНЦИАЛА СОЦИАЛЬНЫХ ПАРТНЕРОВ В ПОДГОТОВКЕ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

Аннотация

Образование является основой экономического развития общества, одним из факторов социальной стабильности, источником духовно-нравственного потенциала и интеллектуального роста людей и во все времена считалось незаменимой ценностью. И в настоящее время, когда решение проблемы формирования и развития человеческого капитала рассматривается как основная задача, растут образовательные потребности людей, увеличивается количество желающих получить высшее, среднее, специальное, профессиональное дополнительное образование. В ответ на это усиливается разветвленность образовательных организаций, увеличивается количество образовательных организаций различного типа, развиваются инфраструктура образования, формы управления, методическая и научная деятельность. Усиливается их ориентация на индивидуальные потребности и возможности обучающихся. В связи с этим повышаются требования к качеству образования, возрастает значение структурно-функционального развития этой сферы на основе взаимодействия с обществом.

В статье раскрывается значение понятий «партнерство», «социальное партнерство», «социальное партнерство в образовании», рассматривается процесс их становления и развития, описываются руководящие принципы и эффективные способы использования потенциала социальных партнеров в подготовке педагогических кадров в высших учебных заведениях.

Ключевые слова: партнерство, социальное партнерство, социальное партнерство в образовании, принципы совместного действия, потенциал социального партнерство.

B. Atabekova ^{1} A. Koshygulova¹*

¹*Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

USING THE POTENTIAL OF SOCIAL PARTNERS IN THE TRAINING OF FUTURE TEACHERS

Abstract

Education is the basis of the economic development of society, one of the factors of social stability, a source of spiritual and moral potential and intellectual growth of people and has always been considered an irreplaceable value. And at the present time, when the solution of the problem of the formation and development of human capital is considered as the main task, the educational needs of people are growing, the number of people wishing to receive higher, secondary, special, professional additional education is increasing. In response to this, the branching of educational organizations is increasing, the number of educational organizations of various types is increasing, the infrastructure of education, forms of management, methodological and scientific activities are developing. Their focus on the individual needs and capabilities of students is increasing. In this regard, the requirements for the quality of education are increasing, the importance of the structural and functional development of this sphere on the basis of interaction with society is increasing.

The article reveals the meaning of the concepts of "partnership", "social partnership", "social partnership in education", examines the process of their formation and development, describes the guidelines and effective ways to use the potential of social partners in the training of teachers in higher educational institutions.

Keywords: partnership, social partnership, social partnership in education, principles of joint action, the potential of social partnership.

Негізгі ережелер. Бүгінде педагогикалық оқу орындарында білім алушылар кәсіби білім, білік, дағдыны меңгеріп қана қоймай, мамандық бойынша келешекте қызмет атқаруға қажетті мәнді сапаларын да жетілдірулері тиіс. Болашақ тәрбиеші немесе мұғалім айналасындағылармен тиімді

тұлғааралық қарым-қатынас жасай алу, әлеуметтік жағдаяттарға бағыттала білу, басқа адамдардың тұлғалық ерекшеліктері мен эмоционалдық жағдайларын дұрыс бағалау, өзара әрекеттестіктің сәйкес құралдарын тандай біліп, оларды кәсіби әрекетте жүзеге асыра алулары қажет. Бұл ретте болашақ педагогтарды дайындаудағы әлі де пайдаланылмаған қорларды іске қосудың мәні зор.

Кіріспе Қоғамның дамуының басты кейіпкері адам болса, қазіргі кезде оның тұлғасы мен әрекетіне жоғары талаптар қойылуда. Өз бетінше шешімдер қабылдай алатын, жаңа жағдайларда тиімділік және табыстылық таныта білетін, кәсібилік биігін бағындырған еңбек адамы сұранысқа ие. Бұл ретте әр адамның қабілеттерін, шығармашылық әлеуетін дамыту арқылы жеке және қоғамдық мәні бар мәселелерді шешу қолынан келетін тұлғаларды қалыптастыру мемлекеттің дамуын ілгерілететін фактор ретінде танылады. Мұндай тұлғаларды қалыптастыруда педагогтардың алар орыны ерекше екендігі даусыз.

Кәсіби маман қалыптастыру әрқашан қоғамның басты қажеттіліктерінің бірі болып саналатынын Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында елімізді саяси-экономикалық және әлеуметтік тұрғыда реформалауды тереңдетуге бағытталған ауқымды жоспарынан аңғарамыз [1]. Мұнда білім саласы қызметкерлерінің өнімді еңбек үлгісін көрсететін азаматтарды бәсекеге қабілетті етіп қалыптастыруда нәтижелілігін жетілдіру сияқты үлкен парыз жүктелген.

Осыған орай, жоғары білім беру жүйесінде қазіргі заманғы кәсіби құзыреттердің даму деңгейіне сай, еңбек нарығында сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті, сапалы мамандарды жұмыс берушілер, яғни, әлеуметтік серіктестермен бірлесе даярлау міндеті тұр.

Білім беру саласындағы серіктестік кәсіби білімде өз мақсаттарына жету үшін мамандар мен әлеуметтік институттардың бірлесуі. Кең мағынада әлеуметтік серіктестік деп Үкімет, оның органдары арқылы әрекет етіп отырған мемлекет пен басқа субъектілердің: жеке тұлға, отбасы, мемлекеттік емес ұйым, кәсіби білім беру мекемелері арасындағы қарым қатынас деп түсінген жөн. Серіктестік жоғары оқу орындары мен әртүрлі қоғамдық институттардың қызығушылықтарының бір арнаға тоғысуына негізделеді және сол мүдделердің кірігуінде көрініс береді. Мұндай бірлескен әрекеттестіктің нәтижелі болуы мақсаттың дұрыс қойылып, міндеттердің нақты айқындалуына, әр жақтың рөлдерінің дұрыс бөлініп, оларды жүзеге асырудағы жауапкершілікке тікелей тәуелді. Мемлекеттің тұрақты дамуы да осындай серіктестіктің нәтижелі қызметіне бағынышты.

Материалдар мен әдістер. 2015 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы тұрақты даму саласының 17 мақсаттан тұратын 2030 жылға дейінгі күн тәртібін қабылдады. Бұл құжатта жоғары оқу орындарының мамандар даярлаудағы маңызды ролі айқындалды. Осыған сәйкес зерттеушілер тұрақты даму үшін жаһандық университеттер ЖОО мен серіктестер тең құқылы болып соңғыларының білімді қаржыландыруы қажеттілігі атап көрсетіледі [2].

Маман даярлаудың сапасы мен оның біліктілігіне қойылатын талаптарға сай кәсіби білім беру жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – жұмыс берушілердің талаптарын қанағаттандыру болып табылады. Бұл ретте педагогтің кәсіби құзыреттілігінің нақты шеңберін анықтауда Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31149 болып тіркелген жаңа буын «Педагог» кәсіби стандарты дайындалды [3]. Кәсіби стандарт (КС) – нақты кәсіптік топта (кәсіби қызмет саласы) немесе кіші топта (еңбек қызметінің түрі) біліктілік пен құзыреттілік деңгейіне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды анықтайтын стандарт. Жаңа кәсіби стандарт жаңа буын «Ұстазына» оқытудың білім беру бағдарламаларының негіздерін, педагогтің біліктілігін арттыру және үздіксіз кәсіби дайындық мүмкіндіктерін айқындауға; басқа қызмет салаларындағы мамандарды қайта даярлаудағы басымдықтарды айқындауға; білім беру/тәрбиелеу және педагогтерді оқыту тәжірибесін, кәсіби міндеттемені, қоғамдық сенім мен құрметті қолдауды ұйымдастыруға; кәсіби қоғамдастықта оқыту/білім беру және тәрбиелеудегі педагогтің көшбасшылығын дамытуға мүмкіндік береді. Мұнда сонымен бірге педагогтер мамандығына қажетті білім, білік және дағдысына сәйкес ұлттық, салалық біліктілік шеңбері, негізгі және қосымша кәсіби қызметтің мазмұны нақты анықталған.

Осы мәселелерді шешуде педагогикалық жоғары оқу орындарының алдында тұрған міндеттер ауқымы кең. Қоғам талаптарна сай ұстаздады даярлау ол қоғам боп қолға алатын мәселе. Білім беру ұйымы әлеуметтік - педагогикалық жүйе ретінде сыртқы ортамен тікелей байланысады. Ол байланыс оқу орынының әрекетінің тиімділігін арттыруға, басқару ісінің құрылымын жетілдіруге, даму болашағын бағдарлап, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Сондықтан әлеуметтік

серіктестік құрудың тетіктерін қалыптастыру қазіргі кездегі кәсіби білім беру жүйесін жаңғыртудың басты бағыттарының бірі болып отыр.

«Әлеуметтік серіктестік» ұғымы ғылыми зерттеулер мен педагогикалық қызмет практикасына барған сайын тұрақты еніп келе жатқаны сөзсіз. Соңғы 10 жылдарда зерттеулерге жасалған талдау осы ұғым экономикалық-саяси саладан біртіндеп әлеуметтік салаға көшкенін көрсетеді. Бұл мәселе бүгінгі таңда жалпы әлеуметтік кеңістік субъектілері мен субъектіліктің, саналылықтың, дербестіктің, өзара әрекет ететін әр тараптың таңдау еркіндігінің өсу бағытындағы білім арасындағы қарым-қатынас сипатының түбегейлі өзгеруіне байланысты. Әлеуметтік серіктестік жағдайындағы білім мекемелері қызметтерінің ерекшеліктері талданады, заманауи білімдегі серіктестік қызметінің жағдайы мен оны зерттеу және дамыту бағыттары қарастырылады. Бұл жағдайда белгілі бір қағидаттар басшылыққа алынады. Мысалы Т.П. Грибоедова білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестік тараптардың алға қойылған мақсаттарға жету үшін: өзара сыйластық; қатысушылардың теңдігі мен жауапкершілігі; қызықтыратын мәселелерді талқылау еркіндігі; міндеттемелерді қабылдаудың еріктілігі; нәтижеге қызығушылық деп қарастырады [4].

Білімдегі серіктестік қатынастардың төмендегідей ортақ белгілерін анықтауға болады. Олар:

- субъектілердің бірлескен, келісімді, саналы қызметі;
- әртүрлі әлеуметтік топ өкілдерінің күштерін, кәсіби және жеке мүдделерін біріктіру;
- қатынастардың диалогтылығы, тең құқылылығы, өзара пайдалылығы;
- білім саласында нәтижелерге жету, өскелең ұрпақты тәрбиелеу және дамытуда өзара әрекетке бағытталу.

Кәсіби педагогикалық білім беру саласындағы әлеуметтік серіктестікке: білім беру ұйымдары мектептер, мектепке дейінгі мекемелер, кәсіптік техникалық оқу орындары, білім беруді басқару органдары, барлық деңгейдегі жұмыс берушілер, еңбек және жұмыспен қамту органдары, қоғамдық және коммерциялық ұйымдар жатады.

Практикалық жүзеге асыру тұрғысынан өте маңызды, сондай-ақ айтарлықтай күрделі және аз зерттелген мәселе – білімдегі әлеуметтік серіктестік тетіктері мен қағидаларын іздеу мәселесі болып табылады. Біз мақаламызда білімдегі әлеуметтік серіктестік мәселесін қарастырған ғалым А.А. Әбжаппаров, ресейлік зерттеушілер: М.Гончар Е.К. Кашленко, Ю.В. Медова, А.В. Корсунов т.б. еңбектеріне тоқталатын боламы. Оларда нақты серіктестік, серіктестік қатынастардың тараптары олардың өзара пайдалылығы мен өз мәселелерін басқалармен бірікпей шешу мүмкін еместігін түсінген кезде пайда болады деген пікірлер білдіріледі.

Отандық ғалым А.А. Әбжаппаров өзі еңбек ететін оқу орынының тәжірибесімен бөлісе келе, мұнай газ саласының мамандарын дайындаудағы Қазақстанда шет елдік инвесторлар құрған бірлескен кәсіпорындармен әлеуметтік серіктестікті тиімді пайдалану – бұл саланы игеруде қазақстандық мамандардың үлес салмағын арттырудың жолы екендігіне тоқталады [5].

Е.К. Кашленко өзінің зерттеуінде әлеуметтік серіктестіктің ұйымдастыру-педагогикалық талаптарын талдап, «білімдегі жағымды өзгерістерді көрсететін «әртүрлі әлеуметтік институттар әрекеттерін түйіндісіру» қажет деген қорытындыға келді. Білім мекемелерінде осы үдеріс «мақсатты бағытталған, саналы және кәсіби тексерілген сипатта» болған кезде, басқа институттарда ол, әдетте, кездейсоқтық, болжамсыздықтың үлкен элементтерімен байқалады, сонымен қатар шешім қабылдауда стандарттылық жойылады деп тұжырымдайды [6].

Ғалым М.Гончардың пікірінше нағыз серіктестік екі жақты қарым-қатынастың өзара тиімді екендігін, мәселені шешуде бірлесудің қажеттігін сезінгенде ғана пайда болады [7]. В.Н. Якимецтің еңбектерінде әлеуметтік серіктестік екі, үш сектордың өзара әрекеттестігі деліне келе, ортақ әлеуметтік мәселені осы бірлесуші жақтар үшін және жалпы халық үшін тиімді шешуді ұйымдастыру ретінде сипаттайды [8].

И.П. Смирнов кәсіби білім беруге қатысты «әлеуметтік серіктестік» ұғымын жұмыс берушілермен, халықты жұмыспен қамтамасыз ететін ұйымдармен, кәсіподақтар мен ата-аналармен т.б. қоғамның талаптарына сай мамандар дайындауды қамтамасыз етудегі және оның еңбек нарығының даму динамикасына сай қадағалап отыруды жүзеге асыратын қарым-қатынастағы келісім шарттар жүйесі ретінде түсіндіреді [9]. Дегенмен де білім берудегі сектораралық әлеуметтік серіктестік мәселесі ғылыми-теориялық талдаулардың, эмпирикалық зерттеулердің пәні болған жоқ деуге болады.

Әлеуметтік серіктестіктің қысқаша талдамасын социомәдени феномен ретінде түйіндей отырып, бұл құрылымның кіріктірілімдігі оның екі жақты табиғатында болып отырғанын аңғартады. Бір

жағынан, әлеуметтік серіктестік – ол үнемі мәдениетаралық алмасу мен әлеуметтік өмірдің мәдениеттенуінің өнімі, нәтижесі. Әлеуметтік серіктестік қатынастары өзара әрекет ететін тараптар мәдениетімен анықталады және оған бағынышты. Екінші жағынан, нақ осы әлеуметтік серіктестік, әлеуметтік субъектілердің қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, оған қолдау көрсету және оны дамыту құралы болып табылады.

Мәселеге қатысты еңбектер әлеуметтік серіктестікті, ең алдымен, белгілі бір мақсаттары бар және белгілі бір процедуралармен жанамаланған белгілі бір принциптерге негізделген әлеуметтік субъектілер қатынастарының ерекше типі ретінде түсіндіреді. Бұл жағдайда, осы феноменнің екі тектік сипаттамасын – оның субъектілік және әрекеттік табиғатын түсіндіру маңызды. Әлеуметтік серіктестіктің екі көріністік табиғатын түсіндіруді – *әлеуметтік серіктестік, әлеуметтік құрылыммен және осы құрылым субъектілерінің әрекетімен негізделген құрылымдық-әрекеттік феномен болып табылады* деп тұжырымдалады. Әлеуметтік серіктестіктің кіріктірілімдігі осы тұрғыдан қарастырғанда, осы феномен нормативтік-құндылық сипаттамаларымен бірге қоғамның әлеуметтік құрылымы ретінде де, сондай-ақ осы құрылымды қалыптастыратын әрекет ретінде де тануға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік құбылыс ретінде танылатын білім – ең алдымен шынайы қоғамдық құндылық. Әрқандай қоғамның адамгершілік, интеллектуалдық, ғылыми-техникалық, рухани-мәдени және экономикалық мүмкіндіктер білім беру саласының даму деңгейіне тәуелді. Алайда білім қоғамдық - тарихи сипатта бола тұрып, өз кезегінде, әлеуметтің білімдену қызметін іске асырушы қоғамның тарихи типіне байланысты. Әр дәуір білімі сол кезеңдегі әлеуметтік даму міндеттерін, қоғамдағы экономика мен мәдениет деңгейі, саяси және идеологиялық талаптар сипатын аңдатады. Себебі, аталған факторлардың арасында қоғамдық қатынастар субъектісі болған педагогтар мен білім алушылар тұр.

Білім, әлеуметтік – қажеттілік болуымен бірге біршама қызметтер атқарады. Ғалымдар еңбектерінде (А.А. Реан, Н.В. Берковский) білім қызметтері төмендегідей сипатталады:

– *адамның ғылым және мәдениет әлеміне енуінің ең оңтайлы да жедел жолы*. Бүкіл дүние қазіргі таңда әлем және барша планета азаматын тәрбиелеуге ұмтылыс жасап, білім аймағында барлық күш – қуатын топтастыруда. Бұл дүниежүзілік білім кеңістігі жедел дамуда. Сондықтан да әлем қауымдастығы адамның жасайтын орны не елі, білім игеру типі деңгейіне тәуелсіз жаһандық білім стратегиясын қалыптастыру талаптарын алға шығарып отыр;

– *тұлғаның әлеуметтенуі мен ұрпақтар жалғастығын қамтамасыз ету тәсілі*. Адамдардың идео-логиялық көзқарасы мен талғамдарының, әлеуметтік танымдары, мұраттары мен тіршілік жағдайлары түбегейлі өзгеріске түсіп жатқан заманда білім қайта жаңғырту мен тарихи және әлеуметтік тәжірибені әулеттен әулетке өткізу процесін қалыпты жүргізуге мүмкіндік береді, сонымен бірге жаңа саяси және экономикалық жағдайларды, қоғам және мәдениет дамуының жаңа бағыттарын жас ұрпақ санасына ендіріп, бекітуге көмектеседі. Тек білімнің ғана үйлестіру, тұрақтандыру қызметі арқылы адам жаңа өмір салттары мен тіршілік шарттарына икемделіп, бейімделеді.

– *адамның қоғамдық және рухани өмірін, сонымен бірге жалпы халықтық рухани санасын қалыптастыру тетіктері*. Білім беру және тәрбиелеу мекемелері белгілі дәуір адамының әлеуметтік – мәдени іс-әрекеттерінің ең жоғарғы өрнек – үлгілерін шоғырландырады. Осыдан білімнің әлеуметтік құндылығы білімді де ізгілікті қоғам адамының маңыздылығымен өлшенеді. Білімнің гуманистік құндылығы әрбір жеке тұлғаның танымдық және рухани қажеттерінің даму мүмкіндіктерінен көрінеді. Біртұтас білім жүйесінің барша түрлері мен деңгейлерінде елдің интеллектуалды және рухани – ізгіліктілік мүмкіндіктері жинақталып, даму жолына түседі.

– *мәдени қалыпқа енген жеке мінез-құлық және қимыл-әрекет үлгілері мен қоғамдық өмірдің бекіген формаларының ауысып (трансляцияға) баруы*. Оқу және тәрбие барысында адам өркениет дамуына қажет әрі мәдени-тарихи маңызы бар әлеуметтік-мәдени нормаларды игереді, атап айтсақ, олар: адамның әлеуметтік топтар мен өндірістегі, отбасы мен қоғамдық орындардағы, сонымен бірге ортақтасу, жеке тұлғалық және іскерлік қатынастардағы моралдық және ізгілік талап өлшемдері.

– *аймақтық жүйелер мен ұлттық салт-дәстүрлердің даму әдісі*. Кейбір аудан тұрғындарының ерекшелігі педагогикалық міндеттерге өзіндік өң береді. Жастардың қала не ауылдың рухани өміріне енуі осы білімнің арасында өтіп жатады. Аймақтық білім жүйесінде бұқара халық арасындағы әр қилы әлеуметтік топтардың сұраныстары ескеріледі.

– тұғырлы мәдени құндылықтар мен қоғамның даму мақсаттарын бірден-бірге өткізіп тұрушы және іске асырушы әлеуметтік институт (ресми құрылым, мекеме). Әлеуметтік институттар жас ұрпақты бүгінгі қоғамда дербес өмір сүруге, мақсатты бағдарлы тіршілік етуге дайындау жұмыстарын іске асырады.

– жеке адам мен қоғамдық өмірдегі мәдени ауысулар мен қайта түрленудің белсенді үдеткіш күші.

Білім саласындағы серіктестік қарым - қатынастар мектеп пен ата-ана, сондай-ақ басқа да білім беру үдерісінің субъектілерін қамту білімнің сапасын арттыру құралы ретінде тек соңғы уақыттарда қарастырыла бастады деуге болады. Бұл кездейсоқ болған жағдай емес. Білім беру ұйымдарының отбасы, сыртқы ұйымдармен әрекеттестігі бұрын да болғанымен, «серіктестік» ұғымы аясындағы қарым-қатынастардың мәні мен сипаты, мазмұны мен әдістері өзгеше екендігі анық. Себебі серіктестік әлеуметтік әрекеттесудің түрі ретінде белгілі бір процеске барлық жақтардың *жоспарлаудан бастап, нәтижені бағалауға дейінгі кезеңдерінде* белсенді қатысуын қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік серіктестік мемлекет, жұмыс беруші және жоғары оқу орыны арасындағы әлеуметтік, экономикалық түйткілдерді шешу және қарама-қайшылықтарды ретке келтірудің әдісі деуге болады. Бұл өз кезегінде негізгі субъектілердің қызығушылықтарының ортақ шешімге келуі және дамудың басты шартын көрсетеді.

Жоғары оқу орындарындағы серіктестікті екі тұрғыдан қарастыруға болады. Олар: бірнеше физикалық және құқықтық тұлғалардың кәсіби білім беруді ұйымдастыруға қатысты заңдық тұрғыдағы бірлескен әрекеті. Екінші жағынан құжаттармен заңдастырылмаған, өзара келісім-шарт негізінде жүргізілетін білім беру мекемелері, мен қоғамдық ұйымдардың ынтымақтасу формасы.

Білім беру саласындағы серіктестік кәсіби білімде өз мақсаттарына жету үшін мамандар мен әлеуметтік институттардың бірлесуі – кең мағынада әлеуметтік серіктестік деп Үкімет, оның органдары арқылы әрекет етіп отырған мемлекет пен басқа субъектілердің: жеке тұлға, отбасы, мемлекеттік емес ұйым, кәсіби білім беру мекемелері арасындағы қарым қатынас деп түсінген жөн. Серіктестік жоғары оқу орындары мен әртүрлі қоғамдық институттардың қызығушылықтарының бір арнаға тоғысуына негізделеді және сол мүдделердің кірігуінде көрініс береді. Мұндай бірлескен әрекеттестіктің нәтижелі болуы мақсаттың дұрыс қойылып, міндеттердің нақты айқындалуына, әр жақтың рөлдерінің дұрыс бөлініп, оларды жүзеге асырудағы жауапкершілікке тікелей тәуелді. Мемлекеттің тұрақты дамуы да осындай серіктестіктің нәтижелі қызметіне бағынышты.

Осындай жағдайда білім беру ісіне жалпы қоғам болып араласу қажеттігі туындап, ондағы әлеуметтік серіктестіктің алатын орыны айшықталады. Біздің елімізде әлеуметтік серіктестік құру жүйесі тәуелсіздік алған жылдары қолға алынып, оның құқықтық негізі болып табылатын 2000 жылы қабылданған «ҚР әлеуметтік әріптестік туралы» Заңға байланысты жан-жақты дамыды [10]. Аталған заң актісіне сәйкес, республикада екіжақты, үшжақты, салалық және аймақтық (облыстық, қалалық, аудандық) келісімшарттар негізінде әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастарын реттеу жүзеге асырыла бастады. Еңбек ұжымдарымен біріге отырып жасалған мұндай келісімшарттар еңбек және әлеуметтік қатынастарды реттеудің белгілі бір нақты қалыптасқан нақты жүйесін құрады. Одан басқа еңбек нарығы мәселелерін өзара келісім арқылы реттеудің жан-жақты мүмкіндіктері «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңда қарастырылады. Осы арқылы республикада еңбекпен қамту және еңбек нарығын реттеуге қатысты әлеуметтік диалогты дамытудың қажетті заңнамалық базасы бар деп айтуға негіз бар [11]. Алайда бұл құжаттар білім саласындағы мамандар дайындау мәселесіне тікелей қызмет ете алмайды.

Біз қарастырып отырған серіктестік мемлекет, жұмыс беруші және жоғары оқу орыны арасындағы әлеуметтік, экономикалық түйткілдерді шешу және қарама қайшылықтарды ретке келтірудің әдісі деуге болады. Бұл өз кезегінде негізгі субъектілердің қызығушылықтарының ортақ шешімге келуі немесе саяси тұрақтылық және дамудың басты шартын көрсетеді.

Жоғары оқу орындарындағы серіктестікті екі тұрғыдан қарастыруға болады. Олар: бірнеше физикалық және құқықтық тұлғалардың кәсіби білім беруді ұйымдастыруға қатысты заңдық тұрғыдағы бірлескен әрекеті. Екінші жағынан құжаттармен заңдастырылмаған, өзара келісім шарт негізінде жүргізілетін фирмалар, компаниялар мен қоғамдық ұйымдардың ынтымақтасу формасы.

Білім беру саласындағы серіктестік қоғам игілігіне қызмет етуге дайын мамандар дайындауға қатысты ортақ мақсаттарға жету үшін оқу орындары мен әлеуметтік институттардың бірлесуі. Кең мағынада әлеуметтік серіктестік деп Үкімет, оның органдары арқылы әрекет етіп отырған мемлекет пен басқа субъектілердің: жеке тұлға, отбасы, мемлекеттік емес ұйым, кәсіби білім беру мекемелері

арасындағы қарым-қатынас деп түсінген жөн. Серіктестік жоғары оқу орындары мен әртүрлі қоғамдық институттардың қызығушылықтарының бір арнаға тоғысуына негізделеді және сол мүдделердің кірігуінде көрініс береді. Мұндай бірлескен әрекеттестіктің нәтижелі болуы мақсаттың дұрыс қойылып, міндеттердің нақты айқындалуына, әр жақтың рөлдерінің дұрыс бөлініп, оларды жүзеге асырудағы жауапкершілікке тікелей тәуелді. Мемлекеттің тұрақты дамуы да осындай серіктестіктің нәтижелі қызметіне бағынышты.

Нәтижелері мен талқылау. Білім беру саласында әлеуметтік серіктестікті қалыптастыру үрдісі Евроодақ мемлекеттерінде өткен ғасырдың 50-жылдарының ортасы мен 90- жылдардың басына дейін белсенді түрде дамыды. Әлеуметтік серіктестіктің ғылыми – практикалық негіздерін жасауда бұл феноменнің көш басшысы Германиядан бастап, АҚШ, және бірқатар Европа мемлекеттерінде қарқынды дамыды. Енді кейбір мемлекеттер тәжірибесіне жасалған талдауларға тоқталсақ. Алдыңғы қатарлы мемлекеттердің әлеуметтік серіктестік тәжірибесін талдап, олардағы серіктестіктің қызметіне сараптамалық талдаулар жасау, өз елімізде бұл практиканы кеңінен қолдануға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Мысалы бүгінде *Германиядағы* әлеуметтік серіктес – кәсіпорындардың кәсіптік білімге тікелей қатысуын көздейтін оқытудың дуалды жүйесі әлемдік деңгейде үлкен мәнге ие болып отыр. Аталған бірлестіктер кәсіптік білім беру және оқыту Федералды институты оқытушылар құрамының біліктілігін жоғарлату және оқу-әдістемелік көмек көрсетуді қамтамасыз етеді. Мұнда білім алушылар 20%-40% оқу уақытын кәсіпорындарда өткізеді. Компания тағылымдаманы қаржылауға жауапты.

Бұл жүйенің бізді қызықтыратын ерекшелігі маман даярлайтын оқу орыны әлеуметтік серіктес болған мекемелердегі ең таңдаулы қызметкерлердің кәсіби білім бағдарламаларын жоспарлау мен жүзеге асыруға, өндірістік білім нұсқаушылары ретінде бірлесе жұмыс жасауға тартуында деп есептейміз. Осылайша өндірістегі ең тәжірибелі қызметкерлер өзінің кәсіби құзіреттіліктерін білім алушыларға беруіне жақсы жағдай жасайды. Білім алушылар игеретін мамандығы бойынша, теориялық білім алып, кәсіпорын шеберлерінен практикалық машықтарын қалыптастырады. Бұл айтылғандардан Германиядағы білім беру мазмұнында әлеуметтік серіктес мекемелердің болашақ маманның бәсекеге қабілеттілігін дамыту мемлекеттік жүйесі дұрыс жолға қойылғандығын көрсетеді [12].

Әлеуметтік серіктестік мәселесінде азиялық елдерінің ішіндегі экономикасы ең жоғары мемлекеттің бірі – *Жапонияның* практикасы да қызықты. Кіші бизнеске мамандандырылатын 56 университет пен ғылыми-зерттеу орталықтары құрылған, бұл елде 524 жергілікті тауар-өнеркәсіп палаталары жұмыс істейді Оқу қызметімен қатар, коммерциялық негіздегі басқа мүдделі ұйымдар мен мекемелердің жеке мүдделері мақсатында ғылыми және қолданбалы зерттеулер жүргізіледі. Іс жүзінде барлық дерлік ЖОО базасында құрылған жобаларды коммерцияландыру міндеті болып табылатын бөлімшелер кездеседі [13].

АҚШ мемлекетінің болашақ мамандарды бейінді дайындау мәселесі, Германиядан көп кейін қолға алына бастаған. АҚШ-тың осындай дайындық ерекшеліктерінің бірі әлеуметтік серіктестікте болашақ маманды өзіндік «жасау» болып табылады. Мұнда дамудың үш векторы байқалады:

1) инновациялық сала, негізгі институттарының технобақтар мен венчурлы қорларының пайда болуы;

2) кіші инновациялық компаниялардың жоғары белсенділігі. Бұл айтарлықтай деңгейде осындай фирмаларды қолдаудың арнайы мемлекеттік бағдарламаларының болуымен, сондай-ақ венчурлы капиталдың – қаражаттардың негізгі көзінің дамуы және қолжетімділігімен байланысты.

3) АҚШ университеттері іргелі және қолданбалы зерттеуші мамандарды дайындаумен тығыз байланысқан өзіндік зияткерлік орталықтар болып табылады [14].

Ирландияда жоғары білім мен әлеуметтік серіктестер арасындағы байланысты дамыту бойынша бірқатар бастамаларға қолдау көрсетіледі. Осындай бастама мысалы инновациялар үшін мүмкіндіктерді құру және пайдалану, білім жинақтау және ауысу мақсатындағы ғылым, инженерия және технологиялар орталықтарын бекіту т.б.

Жоғары оқу орны жанындағы қолданбалы зерттеу орталықтары қандай да болмасын жобаның, әлеуметтік серіктестермен бекітілетін шарттардың, зияткерлік, жекеменшік құқықтарын қорғаудың коммерциялық мүмкіншіліктерін анықтау үшін зерттеушілермен жұмыс істейді. Бұдан басқа, академиялық зерттеулер мен әлеуметтік серіктестік арасындағы байланысқа қолдау көрсету негізінен био және компьютерлік технологияларға мамандандырылған стратегиялық зерттеу кластерлері

ішінде жүзеге асырылады. Аталған жағдайлар елдегі маман дайындау мәселесіне әлеуметтік серіктестіктердің айтарлықтай үлес қосатынын көрсетеді [15].

Практикасын талдайтын келесі мемлекет – Дания. Бұл елде университет және әлеуметтік серіктестер арасындағы өзара әрекет басқа көптеген елдермен салыстырғанда біршама дамыған. Білім Министрлігі білім беру аймағында жалпы саясат үшін жауапты, және де мемлекеттік саясатпен сәйкес білім беру мекемелері бағдарламасымен қамтамасыз етеді, оқу орындарындағы дайындыққа жауап береді, ал әлеуметтік серіктестер өндірістерде және компанияларда өтетін тәжірибе бөлігіне жауапты.

Жұмыс беруші ретінде әлеуметтік серіктестер оқытудың әр деңгейінде белсенді қатысушы болып табылады, олар оқу бағдарламаларының мазмұнының еңбек нарығына сәйкес екенін, сонымен қатар кәсіпорын мен бизнес шеңберінде берілген біліктіліктің тануын қамтамасыз етеді. Әлеуметтік серіктестер көптеген жергілікті, салалы және ұлттық деңгейдегі кеңестер мен ассоциациялар арқылы ұсынылады. Болашақ мамандар әлеуметтік серіктестер тарапынан білім алу барысында елде төленетін төлем ақыны ала алады. Сонымен қатар, Данияда мемлекет есебінен тегін кәсіптік-техникалық білім алу қарастырылған. Бұл келтірілген мәліметтерден дат елінде әлеуметтік серіктестердің маман дайындауға деген өзіндік ықпалын көрсетеді [16].

Францияның инновациялық саясаты жекеменшік инвестицияларды ғылымға тартуға, бәсекеге қабілеттілік полюсі аясында инновациялық процестың барлық негізгі қатысушылары арасындағы өзара әрекеттерді жақсартуға, кіші және орта кәсіпорындарды дамытуға қолдау көрсетуге бағытталған, ол кәсіпорындарға, университеттер мен зерттеушілерге бірігіп, бір бағытта жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Францияда әлеуметтік серіктестікті ұжымдық шарттар аясында және мемлекет заңдары мен басқа да құқықтық актілерге сәйкес үкімет реттейді. Білім саласында техникалық немесе кәсіптік сертификат берумен аяқталатын оқытуға бағытталған «оқушылық» бағдарламасы үлкен рөл атқарады.

Франциядағы кәсіби білім мен білім алу ұжымдық келісім шарт шеңберіндегі әлеуметтік серіктестік (ұлттық салалық келісім-шарттар және аймақтардағы салалық келісім шарт) заңға және басқа да құқықтық құжаттарға (Еңбек кодексі және бастауыш кәсіби білім туралы Заң) сәйкес Үкіметпен реттеледі. Сонымен қатар, елде оқу дәрежелерінің және дипломның, білім сатыларының кезеңдерінің өз жүйесі бар. Мемлекеттік оқу мекемелерінің дипломдары жекеменшік университеттер мен мектептердің дипломдарына қарағанда әлдеқайда жоғары бағаланады. «Оқушылық» бағдарламасының аясындағы әлеуметтік серіктестіктер болашақ маман дайындау процесінде үлкен маңызға ие екенін көреміз [17].

Сингапурда әлеуметтік серіктестік субъектілері ретінде мектептер жанында орналасқан спорттың құрылымдар, зертханалар, мәдениет ошақтары жатады. Олай болатын себеп, бір ғана қала түріндегі мемлекетте мектептер орналасу жағдайларына қарай білім кластерлеріне біріктіріліп, қаланың әлеуметтік нысандарын бірлесе пайдалану жөнінде арнайы қабылданған бағдарлама аясында ұжымдық қолданыс реттелген. Бұл «Ақылды мектептер, білімді Ұлт» бағдарламаның басты деп аталады, мақсаты – «тиімділік парадигмасынан» «бар мүмкіндіктерді іске асыру парадигмасына» көшуге бағытталған [18].

Финляндиядағы білім беру жүйесінде әлеуметтік серіктестіктер болашақ маманның кәсіпорында практикалық тағылымдаманы қамтамасыз етуге мемлекеттен тікелей субсидия алады. Ал, болашақ мамандарға білім беру зайымдары немесе грант түрінде тегін беріледі. Оқу материалдарын алу үшін қаржылық көмек көрсетіледі. Бастапқы кәсіптік-техникалық білім беру білім орындарында тәжірибе түрінде оқыту формасымен орындалды. Кәсіби білім беру үшін болашақ педагогтарды оқыту жүйесі қолданбалы ғылыми университеттерімен тығыз байланыста оқытушы кадрларды дайындайтын институттармен қамтамасыз етіледі. Тағлымгерлер үшін практикалық тренинг өткізетін теориядан сабақ беретін оқытушылар жұмыс берушінің қол астында 2 айлық практикадан өтеді. Осылайша, оқытушы өзінің іскерлігін дамытып, педагогикалық дағдысын жетілдіреді [19].

Австриядағы білім беру жүйесі екі стандарт тобынан тұрады: біреуі – басқаруды аккредиттеу және штаттар мен аймақтарды тіркеу үшін, ал екіншісі кәсіптік білім беру жүйесіндегі оқу орындарына арналады. Мемлекет қаржыландыратын білім беру пакетінің негізгі ерекшелігін, кәсіби-техникалық біліктілік мазмұнын мемлекет анықтайды. Үкіметтің негізгі рөлі – кәсіби білім беру секторын дамытуда, оқыту әдістерінің тиімді жолдарын пайдалану (мысалы жұмыс орнында оқыту), қажетті инфраструктураны дамыту және қаржыландыруды ұсыну сияқты өндірістің қатысуын қамтамасыз ету болып табылады.

Білім мекемелері мен әлеуметтік серіктестер өзара әрекеттерінің халықаралық практикасының әдебиеттеріне талдаулар көрсеткендей: университет білімі; озық ғылым жетістіктері; кәсіпкерлік ынтымақтастық дәстүрі процеске қатысушылардың барлығы үшін жоғары нәтижелі деңгейге жетуге мүмкіндік беретінін байқатады. Өндіріс жағдайында жүргізілетін кәсіби қызмет жүйе құраушы кіріктіруші фактор болып табылады. Бұл білім қызметінің параметрлерін, оның мақсаттарын, құралдары мен формаларын анықтап, өндірістік-педагогикалық сипаттағы мәселелердің тұтас кешені болатын «өзек» қызметін атқарады, сондай-ақ, білім қызметі субъектілеріне өндірістік қызметтің өте маңызды параметрлеріне бейімделуге мүмкіндік береді. Ол кәсіби қызметтің құрылымдық-мазмұндық компоненттерін жетілдіру бойынша тікелей ұсыныстар енгізу арқылы да, білім қызметін құрайтындар арқылы жанама түрде де болады [20].

Білім саласындағы әлеуметтік серіктестіктің қалыптасу және дамуының халықаралық тәжірибесін талдау мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік берді: білім берудегі әлеуметтік серіктестік экономикалық тұрақтылық пен дамуға ықпал ететін сенімді және дәлелденген әлеуметтік тетігі; жылдам қарқынмен дамып жатқан технологиялық өзгерістер уақытында әр елдің бәсекеге қабілетті мамандар даярлаудың икемді және серпінді білім беру жүйесін қалыптастырудың маңызды алғышарты болып табылады; әлеуметтік серіктестік үлгілері әр елдің білім беру саласында қайталанбас өзіндік ерекшелігі мен дәстүрін сақтау қажеттігін көрсетеді.

Әлеуметтік серіктестер нақты және әлеуетті болып бөлінеді. Нақты серіктестерге білім беру мекемесімен тұрақты байланысы қалыптасқан, бірлесіп жасалған бағдарламалар бойынша жұмыстар атқарып жүрген мекемелер жатады. Әлеуетті серіктестер – жоғары оқу орыны әлі де тұрақты байланыс жасап үлгермеген, дегенмен де ондай байланыстың нәтижелі болатынына сенімі бар мекемелер. Олардың қатарына: Қазақстандағы және шет елдердегі жоғары оқу орындары, республикалық, аймақтық білім мекемелері, республикалық, аймақтық, жергілікті еңбекпен қамту ұйымдары, барлық деңгейдегі жұмыс берушілер, қоғамдық және коммерциялық ұйымдар, білім алушылар, т.б. жатады.

Кәсіби білім мен кәсіпорындардың өзара әрекетіне педагогикалық инновацияларды енгізу бойынша бірқатар елдердегі практиканы талдау негізінде, *жекеменшік, зерттеу және білім секторлары арасында ынтымақтастықты реттеу және нығайту бойынша жүйелі жұмыс білімнің ұлттық жүйесінің табысты дамуына, сондай-ақ болашақ қызметкердің кәсібилігінің қалыптасуына ықпал етеді*, деген тұжырым жасауға болады.

Қорытынды. Қорытындылай келе, әлеуметтік серіктестер – заманауи білім беру құндылықтарын бөлісетін, біртұтас білім беру саясатын әзірлеуге мүдделі және оның жүйесін қалыптастыру мен дамытудың нақты мәселелерін шешуде білім беруді тиімді қолдауға қабілетті жеке және ұжымдық құрылымдар. Олай болса, болашақ педагогтарды кәсіби даярлауда ЖОО мен әлеуметтік серіктестік институттарының еріктілік, өзара тиімділік, қолдау, өзара келісім мен жауапкершілікпен сипатталатын, өркениетті қарым-қатынасының бірлесуі жүйесінің тиімділігі зор деген тұжырым жасалады. Бұл жағдайда білім алушылардың таңдаған мамандықтары бойынша алған теориялық білімдерін практикаға терең пайдалану мүмкіндіктері молаяды, кәсіби шешімдер қабылдауға машықтану, кәсіби тұлғалық сапаларының дамуы мәселелері тиімді шешіледі. Жоғары білімді педагогтарды даярлауда әлеуметтік серіктестердің әлеуетін пайдаланудың тиімді жолдары өзара бірлескен әрекеттер жиынтығынан және бірнеше сатылардан тұрады.

Серіктестік бір іске әртүрлі әлеуметтік институттардың араласуы болғандықтан, бірлескен жұмыстың барлық сатысында: жоспарлаудан нәтижеге жетуге дейінгі баспалдақтарда ретке келтіріп отыратын орган белгіленуі қажет. Кәсіби педагогикалық міндеттер негізінен оқу орынының жұмысы болғандықтан, бастамашылдық рөл де жоғары оқу орынына берілуі тиіс. Себебі ЖОО-ң серіктестермен бас қосуларды ұйымдастырып, туындаған мәселелерді бірлесе талқылау, шешімдер қабылдауды өз дәрежесінде ұйымдастыру үшін материалдық-техникалық жағдайы жеткілікті. Мұны *алғашқы* баспалдақ деуге болады.

Екіншіден, жоғары оқу орыны – бұл педагогикалық білім бойынша және оқыту, тәрбиелеу, мәдени ағарту, ұйымдастырушылық жұмыстарда белгілі бір дәрежеде тәжірибе жинақтаған кәсіби мамандар шоғырланған ұжым.

Үшіншіден, жоғары оқу орыны әртүрлі әлеуметтік акциялар мен жаңашылдықтардың элементтерін күнделікті оқу-тәрбие үдерісіне ендіруге қажетті материалдық база, техникалық ресурстары, белгілі территориясы бар мекеме болып табылады.

Жоғарыдағы айтылғандарды қорытындылай келе, білімдегі әлеуметтік серіктестікті біз:

- оқу орынының әлеуметтік қоры, ресурсы;
- аймақтақ еңбек нарығын тұрақтандыру факторы;
- оң әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мақсатында серіктестік қатысушыларының инновациялық және білімдік әрекеттердегі кірігу тәсілі;
- қабылданатын шешімдерді оңтайландыру мақсатында кәсіби түйткілдер алаңында мамандардың өзара әрекеттесу технологиясы;
- әртүрлі әлеуметтік топтар және тұтас мемлекетті қызықтыратын мәселеге қатысты арнайы өзара қарым-қатынас типі;
- оқу орынының өзінің әлеуметтік-экономикалық дамуының тетігі ретінде қарастырамыз.

Мұндай бірлескен әрекеттің тиімді болуы: *ізгіліктілік, кооперациялық, демократиялық, кірігушілік, ашықтық және икемділік* ұстанымдарына негізделеді. Әрі қарай соларға тоқтала кетейік.

Ізгіліктілік қоғамның дамуының басты идеясы ретінде студент тұлғасының шығармашылық даралығын дамытуға қолайлы жағдай жасау мақсатында серіктестердің бірлескен әрекетінің барлық саласын қамтуы тиіс.

Кооперация білімдік және әлеуметтік құрылымдардың өндіріспен бірлесуі. Бұл ұстаным әлеуметтік экономикалық стратегия анықтайды, оқу орындары мен өндіріс орындарының қарым - қатынастардың өзгерістері және білімдік қызметтің сұраныстары мен ұсыныстары айқындайды.

Демократия – әлеуметтік серіктестік қоғамдық тәжірибенің құбылысы ретінде демократиялық бастаулардың дамуымен байланысты. Сондықтан бұл ұстаным серіктестік негізінде қоғам мүшелерінің әлеуметтік және білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыру саласындағы ынтымақтастығының аясын ашық жолмен кеңітуді көздейді.

Білімдік құрылымдағы интеграция. Аймақтық аспектіде қарастырылатын бірыңғай білімдік кеңістік құру. Мұндай кеңістік білімдік үрдіске тура және жанама қатысатын аймақтың барлық субъектілерінің бірлігі.

Икемділік тұлғаның, қоғамның және өндірістің өзгермелі қажеттіліктеріне сәйкес жүйе мен оның барлық буындарының тез өзгеріске икемделе алу қабілеттілігі. Өзара әрекеттестіктің әртүрлі формаларының мейлінше оралымды болуын қамтамасыз етуді жүзеге асыруда басшылыққа алынады.

Кәсіби білім берудегі ашықтық әлеуметтік серіктестіктің жаңа тетіктерін, білімдік инновацияларды, мазмұнды оза жаңартуға, жаңа мақсаттар қоюға қабілеттілігін сипаттайды.

Білімдегі әлеуметтік серіктестік оза даму үшін мына төмендегідей қосымша мүмкіндіктер береді: еңбек нарығына қанша маман даярлау керектігіне қатысты ақпарат алуды жеңілдетеді; жұмыс бершілердің маман даярлау мазмұнына қоятын талаптарын қамтамасыз етеді; қолданыстағы оқу жоспарларының жұмыс берушілер талаптарына сәйкес түзетіліп, қосымша жаңа бағдарламалар жасау үдерісін жеңілдетеді; студенттердің тәжірибе жинақтауын ұйымдастырудың кең мүмкіндіктері ашылады; оқу орынын бітірушілердің жұмысқа орналасуының мүмкіндіктері артады деген *тұжырым* жасалады [21].

Бүгін білімдік тәжірибеде мекеменшіліктен мекемеаралық және сектораралық сияқты серіктестік қарым-қатынас аясын кеңейту үрдістері жүруде. Тұлғаның білім алуы саласындағы өте күрделі мәселелерді шешуде әлеуметтік серіктестік жаңа қарым - қатынас типі қалыптастыратын оң бетбұрыс болып табылады. Сондықтан білім жүйесі экономикалық жаңашылдық пен ақпараттану ғасыр сипатына сәйкес икемді, ашық, өзгерістерге дайын инновациялық ұстанымдар негізінде құрылуы тиіс. Сонда ғана әлеуметтік серіктестік: болашақ маманды сапалы даярлау, қоғамның біліктілігі жоғары қызметкерлерге деген сұранысын қанағаттандыру үшін жауапкершілік пен рөлдер, қатысу үлесі нақты бөлінген ынтымақтастықтың формасы ретінде дами алады.

Әрине, білім беру саласындағы мұндай жаңашылдықты практикалық тұрғыда жүзеге асырудың әлі де ашылмаған қырлары, зерттелмеген астарлары жеткілікті. Педагогика ғылымы алдында білімдегі әлеуметтік серіктестікті дамытудың жолдары, формалары, тетіктері мәселесін қарастыру міндеттері тұр.

Бұл мақала ИРН АР14972706 «Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтерді кәсіби дамытудың инновациялық моделі» тақырыбындағы зерттеуді бағдарламалық мақсатты қаржыландыру аясында дайындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. //Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtynkazakstan-halkya-zholdauy-183555> (30.10.2023ж. қаралған).
2. *Ángela Amorós Molina, Daniel Helldén, Tobias Alfvén, Maria Niemi, Karin Leander, Helena Nordenstedt, Carita Rehn, Rawlance Ndejjo, Rhoda Wanyenze & Olivia Biermann (2023) Integrating the United Nations sustainable development goals into higher education globally: a scoping review, Global Health Action, 16:1, 2190649, DOI: 10.1080/16549716.2023.2190649 <https://doi.org/10.1080/16549716.2023.2190649>*
3. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы, ҚР Әділет министрлігінде 2022 жылғы 19 желтоқсанда № 31149 болып тіркелген «Педагог» кәсіби стандарты.
4. Грибоедова Т.П. Особенности реализации социального партнерства в современном образовании. – М.: Академия, 2015.
5. Абжаппаров О сотрудничестве с социальными партнерами по подготовке кадров. Электронный ресурс библиотеки КГУТИ имени Ш.Есенова
6. Каиленко Е.К. Организационно-педагогические условия построения социального партнерства как фактора социализации личности школьника: Дис.канд.пед.наук.– Омск,2004.
7. Гончар М. Социальное партнерство: роль, направление организации, формирование готовности к партнерству в школе: Материалы межрегионального семинара «Социальное партнерство» 15-18.10.2001., г. Красноярск//<http://www//mega.cross-edu.ru>
8. Якимец В.Н. Межсекторное социальное партнерство. – М., – 2004.
9. Смирнов И.П. Социальное партнерство: что ждет работодатель (Итоги пилотного Всероссийского социологического исследования). – М.: ООО Аспект,– 2004.– 32с.
10. Закон Республики казахстан «О социальном партнерстве в Республике Казахстан» – //Труд в Казахстане: проблемы, факты, комментарии. –2001. №1.
11. «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. – Алматы: Жеті жарғы. 23 қаңтар,– 2001 ж.
12. EU Policy Environment [Электронный ресурс]. — http://www.etf.europa.eu/web.nsf/pages/EU_policy_environment_EN.
13. Lambert [Electronic Resource] // Review of Business-University Collaboration. – 2003. – Dec. – URL: [http://www.hm-treasurv.gov.uk/consultations and legislation /lambert/consult lambertindex.cfm1](http://www.hm-treasurv.gov.uk/consultations%20and%20legislation/lambert/consult%20lambertindex.cfm1).
14. The Bruges Communiqué on enhanced European Cooperation in Vocational Education and Training for the period 2011-2020 [Электронный ресурс]. <http://www.cedefop.europa.eu/en/publications-and-resources/key-documents>.
15. Егорова М.И., Гордеев К.С., Жидков А.А., Кокарева М.Е., Пасечник А.С. Модели социального партнерства в сфере образования // Международный студенческий научный вестник. – 2018. – № 2.
16. Лутوخина Э. Социальное партнерство и его модели в зарубежных странах (опыт и уроки) / Э. Лутوخина // Белорусский журнал международного права и международных отношений. – 2003. – № 1. – С. 69–75.
17. Kettunen, J. European Lifelong Guidance Policy Network representatives' conceptions of the role of information and communication technologies related to national guidance policies / J. Kettunen, R. Vuorinen, O. Ruusuvirta // International Journal for Educational and Vocational Guidance. 2016.T. 16. Vol. 3. P. 327-342.
18. Милькевич О.А., Скударёва Г.Н. Социально-культурное партнерство как механизм непрерывного педагогического образования. Проблемы современного педагогического образования. 2019. № 62-4. С. 133-137.
19. Зарубежный опыт поддержки малого и среднего предпринимательства [Электронный ресурс].-Электронные текстовые данные. - Режим доступа: <http://www.kfpp.ru/analytics/material>
20. Атабекова Б.Б. Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту» философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған диссертация Алматы, 2020 ж.

References:

1. Memleket bashysy Kasym-Zhomart Tokaevtyн Kazakhstan halkyna Zholdauy. //Halyk birligi zhane zhomart-tokaevtyнkazakstan-halkya-zholdauy-183555 (30.1 0.2023zh. karalган).
2. Ángela Amorós Molina, Daniel Helldén, Tobias Alfvén, Maria Niemi, Karin Leander, Helena Nordenstedt, Carita Rehn, Rawlance Ndejjo, Rhoda Wanyenze & Olivia Biermann (2023) Integrating the United Nations sustainable development goals into higher education globally: a scoping review, *Global Health Action*, 16:1, 2190649, DOI: 10.1080/16549716.2023.2190649 [https://doi.org/ 10.1080/ 16549716.2023.2190649](https://doi.org/10.1080/16549716.2023.2190649)
3. Qazaqstan Respublikasy Oqu –aǵartu ministriniń m.a. 2022 jylǵy 15 jeltoqsandaǵy № 500 bũiryǵy, QR Ádilet ministrlıgında 2022 jylǵy 19 jeltoqsanda № 31149 bolyp tirkelgen «Pedagog» kásibi standarty.
4. Griboedova T.P. Osobenosti realizatii sosiálnogo partnerstva v sovremennom obrazovanii. – M.: Akademia, 2015.
5. Abjapparov O sotrudnichestve s sosiálnymi partnerami po podgotovke kadrov. Elektronnyi resurs biblioteki KGUTİ imeni Ş. Esenova
6. Kaşlenko E. K. Organizasionno - pedagogicheskie uslovia postroenia sosiálnogo partnerstva kak faktora socializatsii lichnosti şkolnika: Dis.kand.ped.nauk. – Omsk, – 2004.
7. Gonchar M. Sosiálnoe partnerstvo: ról, napravlenie organizatsii, formirovanie gotovnosti k partnerstvu v škole: Materialy mejregionálnogo seminara «Sosiálnoe partnerstvo» 15-18.10.2001., g. Krasnoiarsk//<http://www/mega.cross-edu.ru>
8. Íakimes V.N. Mejspektornoe sosiálnoe partnerstvo. M., 2004.
9. Smirnov Í.P. Sosiálnoe partnerstvo: chto jdet rabotodatel (Ítogi pilotnogo Vserossiskogo sosiologicheskogo issledovania). – M.: OOO Aspekt, – 2004.– 32s.
10. Zakon Respubliki kazahstan «O sosiálnom partnerstve v Respublike Kazahstan» – //Trud v Kazahstane: problemy, fakty, komentarii. – 2001. – №1.
11. «Halyqty jũmyspen qamtu turaly» Qazaqstan Respublikasynyń Zańy. –Almaty: Jeti jarǵy. 23 qańtar, – 2001 j.
12. EU Policy Environment [Электронный ресурс]. – [http://www.etf.europa.eu/web.nsf/ pages/EU_policy_environment_EN](http://www.etf.europa.eu/web.nsf/pages/EU_policy_environment_EN).
13. Lambert [Electronic Resource] // Review of Business-University Collaboration. – 2003. – Dec. - URL: <http://www.hm-treasurv.gov.uk/consultations and legislation /lambert/consult lambertindex.cfm1>.
14. The Bruges Communiqué on enhanced European Cooperation in Vocational Education and Training for the period 2011-2020 [Электронный ресурс]. [http://www.cedefop.europa.eu/en/ publications-and-resources/key-documents](http://www.cedefop.europa.eu/en/publications-and-resources/key-documents).
15. Egorova M.Í., Gordeev K.S., Jidkov A.A., Kokareva M.E., Pasechnik A.S. Modeli sosiálnogo partnerstva v sfere obrazovania // Mejdunarodnyi studencheski nauchnyi vestnik. – 2018. – № 2.
16. Lutohina E. Sosiálnoe partnerstvo i ego modeli v zarubejnyh stranah (opyt i uroki) / E. Lutohina // Belorusski jurnal mejdunarodnogo prava i mejdunarodnyh otnoşeni. – 2003. – № 1. – S. 69-75.
17. Kettunen, J. European Lifelong Guidance Policy Network representatives' conceptions of the role of information and communication technologies related to national guidance policies / J. Kettunen, R. Vuorinen, O. Ruusuvirta // *International Journal for Educational and Vocational Guidance*. – 2016.– T. – 16. – Vol. 3. – P. 327-342.
18. Milkevich O.A., Skudaröva G.N. Sosiálno-kũlturnoe partnerstvo kak mehanizm nepreryvnogo pedagogicheskogo obrazovania. *Problemy sovremennogo pedagogicheskogo obrazovania*. – 2019. – № 62-4. – S. 133-137.
19. Zarubejnyi opyt podderjki malogo i srednego predprinimatelstva [Elektronnyi resurs].-Elektronnye tekstovye danye. - Rejim dostupa: <http://www.kfpp.ru/analytics/material>
20. Atabekova B. Áleumettik seriktestik negızinde bolaşaq pedagogtardıń bäskege qabilettiligin damyту» filosofia doktory (PhD) дәrejesin alu uşın oryndalǵan disertasia – Almaty, – 2020 j.